

## хаттама №3

Өткізілген күні: 14.05.2023ж

Қатысқандар: 13

Күн тәртібінде:

1. Келесі оқу жылына мектеп ғимаратын дайындау мәселесі
2. Мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары
3. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру

1- мәселе байынша шаруашылық меңгерушісі Н. Бакиров:

Мектебіміз өткен жылдары толық күрделі жөндеуден өткендігіне байланысты ғимарат көп сырлауды қажет етпейді. Жазғы демалысқа кетуге байланысты мектеп терезелері күн сәулесінен қорғағыштармен жабылады. мектеп алдағыоқу жылына дайын

2-мәселе байынша директордың тәрбие ісі орынбасары Н. Абдуллин

Мектебіміздің ауласын абаттандыру биылғы оқу жылында да қарқынды жүрді. Атап айтқанда, мектебімізде жұмыс жасайтын «Гүлдер» үйірмесі жетекшісі Қарашолақова Набат апаймен бірге мектеп ауласын және дәліздерге гүлдер отырғызып, мектеп ауласына екі түп шырша ағашын отырғызды. 6 сынып оқушылары бірнеше түп жеміс ағаштарын отырғызды. сонымен қатар 1- сынып бітірушілер ата-аналарымен бірігіп мектеп ауласына 28 түп жеміс ағаштарын отырғызды. 11 сынып бітірушілер мектеп ауласына 40 түп алма ағашын отырғызды. Жас ұлан ұйымының оқушылары мектеп ауласы «қыркүйек» гүлін отырғызды. Еріктілер тобының оқушылары жетекшісі Алпысбаева Айгүлмен бірге 8 түп жеміс ағаштарын отырғызды.

3-мәселе бойынша директордың тәрбие ісі орынбасары Н. Абдуллин

Биылғы оқу жылында оқушылар екі ауысыммен түгел мектеп жанындағы лагермен қамтылады. сонымен қатар, 7 оқушы қала сыртындағы «Әсем» лагеріне жолдама алды. Оларда уақытымен сол қала сыртындағы лагерге баратын болады. сонымен қатар мектебімізде жүріп жатқан «Үздіктер керуені» жобасы бойынша үздік деп танылған оқушылар саяхатқа

шығады. Демеушілердің көмегімен мектебіміздегі театр оқушылары Ақтөбе қаласына бір күндік саяхатқа шығып қайтады.

жиналыс қаулысы:

1. Мектептің алдағы оқу жылына дайындығы күшейтілсін;
2. мектеп ауласын абаттандыру жұмыстар деңгейі арттырылсын;
3. Оқушылардың жазғы демалысын жоғарғы деңгейде өткізу қадағалансы;

Жиналыс төрайымы:                      Ғ.Қ. Нұрдәулетова

мүшелері:                                      Қыдыров Ә  
    Сазанов Ұ  
    Рахманова Б  
    Қалиев Ә  
    Сұлтанова М  
    Аманиязова Ж  
    Жұмағалиев С

Жиналыс хатшысы                              Әбдіғаликова Г